

## Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін арттыру туралы

### *Күшін жойған*

Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2018 жылғы 24 мамырдағы № 31-5 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 маусымда № 3852 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2020 жылғы 27 наурыздағы № 55-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 27.03.2020 № 55-6 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен. Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 704-бабының 3-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағы 13) тармақшасына сәйкес Тараз қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тараз қаласы бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге арттырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Тараз қалалық мәслихатының бюджет және қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Тараз қалалық мәслихаты  
сессиясының төрағасы*

*С. Берікқожа*

*Тараз қалалық мәслихаты  
хатшысының міндетін атқарушы*

*Ж.Жексембиев*